

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі N 17-5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 мамырда N 3318 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2018 жылғы 13 наурыздағы № 20/3-VI шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 13.03.2018 № 20/3-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты

**ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.

2. Күші жойылды деп танылсын:

1) Күршім аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 шілдедегі № 4-5 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2628 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 10 тамыздағы "Рауан"- "Заря" 64 нөмірімен аудандық газеттерінде жарияланған) шешімі;

2) Күршім аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі № 12-6 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2012 жылғы 10 шілдедегі № 4-5 шешімге өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3029 нөмірімен тіркелген,

2013 жылғы 21 тамыздағы "Рауан"- "Заря" 66 нөмірімен аудандық газеттерінде  
жарияланған )

шешімі.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Күршім аудандық

мәслихаттың хатшысы

Ж. Әзімбаев

К. Әбілмәжінов

Күршім аудандық

мәслихатының 2014 жылғы

18 сәуірдегі № 17-5 шешімімен

бекітілді

## **Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж  
азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында ( бұдан әрі – Қағидалар) пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар  
және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты  
әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау  
бойынша Күршім ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Шығыс Қазақстан облысының статистикалық  
органдары есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең  
бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік  
мереке күндері ;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы –  
отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде  
бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын,  
әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын "Күршім ауданының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті үйым – "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік  
орталығы" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Шығыс Қазақстан  
облысы филиалының Күршім аудандық бөлімшесі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың

(отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Құршім ауданының ауылдық округ әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия ;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Құршім ауданының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек тусініледі.

3. Осы Қағидалар Құршім ауданының аумағында тіркелген тұлғаларға тарапады .

4. Әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі.

5. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеудің тәртібі**

6. Әлеуметтік көмек алушылар санатының тізбесі:

1) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығының қалған балалар;

2) қадағалаусыз қалған, оның ішінде девианттық мінез-құлықты көмелетке толмағандар ;

3) туганнан үш жасқа дейінгі бастапқы психофизикалық дамуы мүмкіндіктері шектелген балалар ;

4) дene және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктерімен байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы бар адамдар;

5) әлеуметтік мәні бар аурулары және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурұлары бар адамдар ;

6) жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамдар;

7) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған қатыгездікке ұшыраған адамдар ;

8) баспанасыздар (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар);

9) бас бостандығынан айыру орындарынан босап шықкан адамдар;

10) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар ;

11) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зиян алған адамдар;

12) белгіленген шектен аспайтын өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы бар адамдар (отбасылар).

7. Жан басына шаққандағы орташа табыстың шегі ең төмен күнкөріс деңгейінің бір еселік мөлшерінде белгіленсін.

8. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындауды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Әлеуметтік көмектің шекті мөлшері - 100,0 мың теңгені құрайды.

**Ескерту.** 8-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 16.03.2015 № 22-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-1. Әлеуметтік көмек, Күршім ауданының орталық аудандық ауруханасының тізіміне сәйкес, әлеуметтік мәні бар аурулары және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары бар адамдарға кірісін есепке алмай, тоқсан сайын амбулаториялық ем алған әр күні үшін 300 теңге көлемінде көрсетіледі.

**Ескерту.** Шешім 8-1 тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 11.04.2016 № 2/7-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Атаулы күндер мен мереке күндеріне бір реттік әлеуметтік көмек азаматтардың мынадай санаттарына көрсетіледі:

1) Ауғанстан аумағынан әскерлерді шығару күні, интернационалист-жауынгерлерді еске алу күні - 15 ақпан - басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қымылдарға қатысушыларға - 60,0 мың теңге мөлшерінде;

2) Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз: "Алтын алқа" алқасымен, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бүрын "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналарға - 10,0 мың теңге мөлшерінде;

"Күміс алқа" алқасымен марапатталған көп балалы аналарға - 10,0 мың теңге мөлшерінде;

төрт және одан аса бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға - 10,0 мың теңге мөлшерінде;

3) Халықаралық радиациялық авариялар мен апаттар құрбандарын еске алу күні - 26 сәуір - 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға - 60,0 мың теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына - 100,0 мың теңге  
м ө л ш е р і н д е ;

қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері  
үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек  
өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан  
соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілеріне, сондай-ақ бұрынғы КСР  
Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және  
қатардағы құрамының адамдарына - 60,0 мың теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери  
бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет  
Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және  
мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама  
құрамаларының адамдарына, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы  
армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік  
шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998  
жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдарға - 60,0 мың теңге  
м ө л ш е р і н д е ;

Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген  
бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиленушісі  
) және теңізші бала ретінде болғандарға - 60,0 мың теңге мөлшерінде;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік  
Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан  
отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында  
қатысқан адамдарға - 60,0 мың теңге мөлшерінде;

Қатынас жолдары халық комисариаты, Байланыс халық комисариаты  
арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен  
авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі  
халық комисариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы  
Бас басқармасының ұшу - көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери  
қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері  
, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот  
мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлеріне, сондай-ақ Ұлы Отан  
соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік  
флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне - 60,0 мың теңге мөлшерінде;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері  
мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен  
әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға - 60,0  
м ы н т е н г е м ө л ш е р і н д е ;

екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары

құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстай орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына - 60,0 мың теңге мөлшерінде;

қайталап некеге отырмаған Ұлы Отан соғысы уақытында қаза тапқан әскери қызметшілердің зайдындарына - 100,0 мың теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталғандарға - 3,0 мың теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға - 25,0 мың теңге мөлшерінде.

**Ескеरту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Құршім аудандық мәслихатының 16.03.2015 № 22-7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

10. Атаулы күндер мен мейрам күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей, уәкілетті ұйымның ұсынымы бойынша Құршім ауданының әкімдігі бекітетін тізімдер бойынша көрсетіледі.

11. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген "Әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына" 1 қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) өмірлік қыын жағдайда туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты

ұ с ы на д ы .

Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдайға түсken адамдар (отбасылар) өтінішті оқиға болған күннен бастап үш ай ішінде береді.

12. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтады.

13. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түсken кезде уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (

отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға ж і б е р е д і .

14. Участелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына" 2, 3 қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды үәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне жібереді.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

15. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсету үшін ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан суратады.

16. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

17. Уәкілетті орган участекелік комиссиядан құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына

18. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсетудің қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

19. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш берушінің құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсетудің қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидалардың 15 және 16 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кенттік, ауылдық, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

20. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде

қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

21. Белгіленген негіздемелердің бірі бойынша әлеуметтік көмек бір күнтізбелік жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

22. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш берушілер ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін қалалық мәслихат белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

23. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджетте көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

24. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларына тоқтатылады:

- 1) алушы қайтыс болғанда;
- 2) алушы Күршім ауданы шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

25. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіпте қайтаруға жатады.

#### **5. Қорытынды ереже**

26. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі және есепке алушды уәкілдеп тұрып жүргізеді.